| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**Сөз.<br>**Міндеттері:** Сөздерді дыбыстық талдау.<br>**Күтілетін нәтиже:**Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады?<br>Тәрбиеші балаларға ыммен *«отырыңдар», «сөйлемеңдер» «тынышталыңдар»,* – деп белгі береді.<br>Сөздік жұмыс: *Ыммен сөйлеу – сөйлемей ишарамен түсіндіру.* Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз, сөз арқылы бір-бірімізді түсінеміз.<br>«Сөзді өлшеп көрсетейік» дидактикалық жаттығуы<br>Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады?<br>Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді айта бастаған кезде алақандарыңды аша | **1.Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:**Менің досым<br>**Міндеттері:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)<br>**Күтілетін нәтиже:**Сөздегі дыбыстардың орнын біледі.<br>«Достар, достар» әні тыңдау.<br>Балалар, әнде кімдер жайлы айтылған?Біз достар жайлы ән тыңдадық. «Дос» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>Достарың бар ма?<br>Олар неге бірге ойнайды?<br>Олар қандай-карым қатынаста?<br>Балалардың жастары нешеде?<br>Дос балалар қандай болады?<br>Олар бір-бірін ренжіте ме?<br>М. Төрежановтың «Адал дос» әңгімесін оқу. Сөздік жұмысы: сырқат – ауру, науқас.<br>Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата» Шарты: Тәрбиеші қолындағы допты бір балаға лақтырып, бір топ сөз айтады. Допты қағып алған бала сол сөздердің ортақ атауын айтады.<br>Мысалы: әке, ана, аға, тәте – отбасы.Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – *(ыдыс-аяқ)*<br>Қасқыр, түлкі, жолбарыс – *(жануарлар)* | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**Сөз.Сөздердің мағынасы<br>**Міндеттері:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**Сөйлем сөздерден құралатын біледі.<br>Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады.«Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер.<br>Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады.<br>Ыдыс.Кесе, тәрелке т.б.<br>«Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы<br>Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар.<br>Мысалы: *жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға созу, шапалақтау, бір орында жүру т.б.*Жұмыс дәптерімен | **1. Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:**Менің сүйікті ойыншығым<br>**Міндеттері:** Артикулиялық жаттығулар жасау.<br>**Күтілетін нәтиже:** Артикулиялық жаттығулар жасайды.<br>Ойын бұрышына саяхат.<br>Балалар, мына көріп тұргандарың «Шаштараз» бұрышы. Ал мынау ақ халат, жедел жәрдем, дәрі-дәрмек, ине, барометр, фонендоскоп тұрған бұрыш қалай аталады?Ал ыдыстар,орамалдар тұрған бұрыш қалай аталады?Көліктер, жол белгілері, бағдаршам тұрған бұрыш қалай аталады?<br>Балалар, ойын бөлмесінен қандай ойыншықтарды көрдіңдер?Ойыншықтар неден жасалған екен?<br>Ойыншықтардың түстері қандай?Сөздік жұмысы: шаштараз.Ойын бұрышында көрген доп д дыбысынан басталады.Ал шаштараз бұрышындағы тарақтар т дыбысынан басталып тұр.<br>Д, т – ұқсас дыбыстар, екеуі де дауыссыз дыбыстар. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?<br>**Міндеттері:** Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сөйлем сөздерден құралатын біледі.<br>«Берілген дыбысқа сөз ойлап айт» дидактикалық жаттығуы<br>1-тапсырма.<br>«Сөздерді өлшеуді білеміз» дидактикалық жаттығуы.<br>Балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды. Алақанды бір-біріне жақын дату арқылы сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бірбірінен алшақ ұстайды.<br>Мысалға айтылатын сөздер: *көз, бағдаршам, лақ,жолбарыс, бақа, тасбақа, доп, секіртпе.*<br>2-тапсырма«Бір сөзбен айт» дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге заттардың атын білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздердің ортақ атауын айтасыңдар. Мысалы: Қазан, кесе, шанышқы. *Бұлар нелер?* –Ыдыстар. Мысалға |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастайсыңдар. Ал айтып болысымен сол сәтте тоқтай қалыңдар. Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Ойыншық тарды ата.<br>2.Суреттегі заттардың ұзақ және қысқа айтылуына қарай тиісті таспаға қос.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс (*графикалық жұмыс*)Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Үзік сызықтарды бастыр.<br>Үстелде отыру ережесімен таныстыру.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Кеңістікті және қағаз бетінде бағдарлау<br>**Міндеттері:** Заттарды кеңістікте орналастыру.<br>Берілген бағытта,оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**кеңістікті және қағаз бетінде бағдарлай алады.<br>Серуендегі гномдар ойыны.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Әжеге осы заттарды үйден табуға көмектес. «Сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін пайдаланып, олардың қай жерде екенін айт. Егер әже аулада болса, онда ол аталған заттарға қалай жетеді?«Әжеге көмектес» ойыны. Балаларға «сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін пайдалана отырып қозғалыс бағытын жасау. | Қызыл, сары, жасыл, көк – *(түстер)*Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Досыңа не сыйлар едің? Қорша.Балалар, «дос» деген жай айтыла салған сөз емес. Дос болудың да үлкенжауап кершілігі бар. Досыңа адал болсаң, досың да саған адал болады.Дос туралы мақалдың мағынасын түсіндіру,жаттау.<br>Досы көпті жау алмайды<br>Ақылы көпті дау алмайды.<br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Біреу-көп<br>**Міндеттері:**Бір сөзінің мағынасы,ол тек бір затты ғана емес,сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**бір сөзінің мағынасын түсінеді.<br>«Қай жерде тұрғанын атау» дидактикалық ойыны.Тәрбиеші үстелінде қиялдағы шаршы алаңының бұрыштарында және оның ортасында бірнеше ойыншықтар орналасқан.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Суретте не бейнеленгенін ата. Дүкенде неше ойыншық бар?<br>(Ойыншықтар көп.)<br>2-тапсырма.Бастырып сыз. Бір сыйлықты банттың түсіндей етіп боя.Боялмаған қанша сыйлық қалды? Ойындық жаттығулар. Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атаңдар.Тәрбиеші бөлмедегі саны көп заттарды (үстелдер, орындықтар, қарындаштар, кітаптар) және саны біреу болатын заттарды | жұмыс.1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата.<br>2.Суреттерге қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Күз жомарт.<br>**Міндеттері:**Жанрларды (ертегі,әңгіме,өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер,сипаттамалар, образды сөздер),шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**Жанрларды ажыратады,жағымды,жағымсыз кейіпкерлерді бағалайды.<br>Күз туралы суреттер бойынша күз мезгілі туралы әңгіме құрайды. Күз – жомарт» өлеңін мәнерлеп оқу. Күзде ауа райында көп өзгеріс болады. Адамдар қалың киіне бастайды. Көгөністер мен жемістерді жаздай күтіп-баптасақ, мол өнім аламыз.Тіл ұстарту жаттығуы.<br>*Дидактикалық ойын: «Лото»* (баланың ойлау қабілетін дамыту).Шарты:көгөністерді бақшаға,жемістерді бақка орналастыру.<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Тақырыбы:** Автобус.<br>**Міндеттері:**<br>Құрастыру:конструктор бөлшектерінен құрастыру, ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа құрастыру.<br>Сурет салу:бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Мүсіндеу:мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге | Дыбыстардың дұрыс айтылу артикуляциясы:Д дыбысын айтқанда тіліміз алдыңғы, астыңғы тістерге қатар тиеді.Т дыбысын айтқанда тіліміз үстіңгі тістің түбіне тиеді. д, т дыбыстарын буын ішінде айтқызу.Да-да – дала<br>До-до – доп. Та-та – тарақ<br>Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау.Дархан, әдеп, сылдырмақ, дуадақ, таға, атақ, тағат, тұяқ.Енді өзіңе ұнаған ойыншықты алып, сол туралы әңгіме құрап, суреттеп бер. Дидактикалық ойын:«Жасырынған ойын шықты тап»Шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, олардың неден жасалғанын,қандай ойын шық екенін, түр-түсін айтып береді.Жаңылтпашты қайталату(жылдам, ақырын).<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.Сен қай ойыншықпен ойнар едің? Өзіңе ұнайтын түспен боя.<br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.<br>**Міндеттері:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру,жиын дарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**жиын ұғымын түсінеді,элемент терін ажырата біледі.<br>Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату. Ойын жаттығуы.<br>«Ретке келтіреміз». Үстел | айтылатын сөздер: *керует, үстел, орындық; алма,алмұрт, шие, жүзім; сәбіз, пияз, картоп, қызанақ; көйлек, шалбар, тон; бәйшешек, қызғалдақ, раушан; нан, сүт, май, шұжық; сиыр, қой, ит, жылқы; арыстан, қасқыр, түлкі; шырша, қайың, терек.*<br>3-тапсырма. «Кері атауын ата» дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге қандайда бір сөз айтамын сендер сол сөздің кері мағынасын айтасыңдар.<br>Мысалы: *ыстық-суық;кішкен тай-үлкен; ақ-қара; қатты-жұмсақ; биік-аласа; ауыр-жеңіл; ұзын-қысқа; ашулы-көңілді; жас-кәрі; ашты-тәтті, мықты-әлсіз, көп-аз, жалпақ-жіңішке.* Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суреттерге қара.Суреттен екі жабайы жануарларды тап, ата. Сызықпен қос.Суреттен екі жиһазды тап, ата. Сызықпен қос.Суреттен екі ыдысты ата, тап. Сызықпен қос.Суреттен екі үй жануарын тап, ата. Сызықпен қос.Суреттен екі көгөністі тап, ата. Сызықпен қос.Суреттен екі жемісті тап, ата. Сызықпен қос.Суреттен екі жидекті тап, ата. Сызықпен қос.Түстердің атында [а] дыбысы естілетін қарындаштарды боя.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Ас атасы –нан.<br>**Міндеттері:**Шығарма мазмұнын сюжетті бірізділігін сақтай отырып,эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Әже ас үйде» жағдаяты. Әже балалар бөлмесіне қалай барады? Аулаға қалай шығады? Жуынатын бөлмеге қалай барады?<br>2-тапсырма.Суреттерді боя. Қозылардың қайда жүргенін ата. Оларға «шөптін»суретін сал. 3-тапсырма.Атаға қай жерде не тұрғанын табуға көмектес. Тапсырма бойынша суретін сал.<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**Қыстапқалатын құстар және жыл құстары.<br>**Міндеттері:**Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу,құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>**Күтілетін нәтиже:**құстар дың түрлерін ажыратып, олардың пайдасын біледі.<br>Ұшып кететін құстарды қалай атауға болады?<br>Отырықшы құстар.Құстар қай мезгілде жылы жаққа ұшады? Күз мезгілінде. Балалар, құстар неге күзде ұшып кетеді? Суықтан үсіп қалады. Қыста жейтін қорек тері өте аз болады. Жазда күн жылы, қорек көп, сондықтан олар ұя салады, балапандарын өсіреді. Ал суық ауа райының басталуы мен олар ыстық елдерге ұшады, өйткені жылы жаққа ұшатын құстар қыста азық қорын жинамайды, қар астынан қорек таба алуды білмейді. Қыстайтын құстар (торғай, көгершін, сауысқан, | (экран, есік және т.б.)атауды сұрайды. «Біреу – көп» дидактикалық ойыны (*санның қозғалыстармен байланысы, зейінді дамыту).*Егер зат біреу болса – бір рет қол шапалақта. Егер заттар саны көп болса – көп рет қол шапалақта. «Аландама» дидактикалық ойыны. Ойын шарты :Мен сөйлемді бастаймын, сендер оны жалғастырып,аяқтау ларың керек. Егер сөйлемде «бір (біреу)» деп айту керек болса, қол шапалақтап «бір» сөзін айтасыңдар. Егер «көп» деп айту керек болса, орындарыңнан тұрып «көп» деп айтасыңдар.<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**Біздің сынып<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сөйлеудің маңызын біледі.<br>Ойын: «Кім тапқыр?».<br>Тәрбиешінің айтқан сөздеріне сәйкес қима суреттерді көрсету.<br>Ойын: «Біз саяхат жасаймыз».<br>Тамаша ғой бақшамыз,<br>Саяхатқа шығамыз.<br>Алға басып келеміз,<br>Бәрін, бәрін білеміз.<br>Балалар топтарына саяхатқа шығады.Бұл – сендердің сыныбың. Мынау – Сыныпта бөлмесі. Сыныпта не бар?<br>Сыныпта үстел бар.<br>Сыныпта орындық бар.<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Мынау – ойын бұрышы. Мынау – Ойын бұрышында не бар?<br>Мынау не?Мынау – қуыршақ (өздері білетін ойыншықтарды | үйрету<br>Жапсыру:текшеден дөңгелек пішін,тікбұрыштан бұрыш тарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу.<br>**Күтілетін нәтиже:**өз бетінше жұмыс жасайды.<br>Үлестірмелі материал. Әдіс-тәсілдері мен техникасын түсіндіру.Автобустың негізгі бөлігін шығару үшін тіктөртбұрыштың жоғарғы екі бұрышын доғалдап қиямыз. Қағазды екі бүктеу арқылы дөңгелек пішіндерді қию.<br>Автобустың терезелерін бүктеу әдісін қолдана отырып, бірден бірнеше төртбұрышты қию әдісін көрсету.Шеткі екі терезенің жоғарғы бұрыш тарын доғалдап қияды. Дайын бөлшектерді үлгіге кеңістікті дұрыс пайдалана отырып, (алдына, ортасына қатарлап, төменгі жағына) желімді ұқыпты жағып жапсырамыз.<br>Пойыз ойыны.<br>Балалардың шығармашылығы.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**Күлкі сыйла<br>**Міндеттері:** Ересектің белгісі мен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру.<br>**Күтілетін нәтиже:**қимыл қозғалыс дағдылары,ептілік пен шапшаңдық дамиды.<br>Тізбекпен бір-бірден жүру, екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүру. Екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүгіру. Қолға арналған жаттығулар орындап жүру.Жалпы дамыту жаттығу ларын таяқпен орындау.<br>Тізбекте аракашықтықтарын | үстіне түрлі заттар мен бұйымдардың суреті салынған қатырма қағаз дарын жайып қояды, мысалы: көгөністер, жеміс тер, ойыншықтар, киім-кешек бұйымдары. Қатырма қағаздарын топтарға бөлу керектігін айтады.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. Суретте қандай заттар бейнеленгенін ата. Осы заттарды сатып алуға болатын дүкенге сызып қос.<br>2-тапсырма. Карточкаларда қандай түсті заттардың бейнеленгенін ата. Оларды сондай түстегі шаршы мен сызып қос. Әртүрлі түстегі заттар қанша? Сана.<br>Балалар заттардың атауын атап, оларды түсіне қарай топтастырады.<br>3-тапсырма.Жемістің әр түрінен бір үлкенін қызыл қарындашпен,ал қалған дарын сары түспен қоршап сыз. Суретте не бейнелен ген? Ата. Жемістердің көлемі бірдей ме?<br>Тәрбиеші суреттен көлемі үлкен жемістерді бір-бірден қызыл қарындашпен қоршап сызуды ұсынады. Қалған дарын сары түсті қарындаш пен қоршап сызу керек.<br>Сұрақтар:Әр топта қанша алма бар – қанша үлкен алма және қанша кішкентай алма?Балалар тапсырманы орындайды: «Кішкентай алмалар және бір үлкен алма»,«Кішкентай алмұрт тар және бір үлкен»деп | шығарманы мазмұндай алады.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суретте не бейнелен ген?Егіс даласына кімдер келді?Бидайдан не жасалады? Нанның түрлерін ата.Нан түрлері қандай пішінге ұқсайды?Сызып қос.Үзік сызықтарды қос.<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**Нан дастарханға қалай келеді?<br>**Міндеттері:** Нанға ұқыпты қарауға,бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдар дың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**адамдар еңбегін құрметтейді.<br>«Гүл, ағаш, жеміс» ойыны.<br>Нан – ардақты, асыл ас,<br>Ақ дастарқан үстінде<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>«Ардақты, адал ас» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Нанды бидайдан алады. Бидайдан бірден нан жасай алмаймыз. Оған адам көп етеді. Нанды қалай қастерлейді? Нанды баспайды, жерге тастамайды, қолын жумай ұстамайды.Нанды қазақ халқы өте қастерлеп, ардақтаған. Нан туралы шешендік сөздер өте көп.<br>Сендер нанға қатысты қандай мақал-мәтел, тыйым сөздер білесіңдер ме?<br>Ас атасы – нан, нан атасы – дән.<br>Нанды бір қолмен үзбе. Нан қоқымын басуға болмайды. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тоқылдақ,қарға, суықторғай) ағаш қабығының арасына, үй мен қоршаулардың қуыстарына тығылған жәндіктермен қоректенеді, өсімдік тұқымдарын жейді. «Қай құс ұшып кетті?» ойыны.Балалар, қыста құс тарға қорек табу оңай ма? Қыста қар көп жауады, өте суық күндер, аяз, жиі қарлы боран болады.Мұндай ауа райында құстар жиі суық пен аштықтан өледі. Қанат ты достарымызға қалай көмектесе аламыз? Дұрыс, балалар, біз құстарға жем бере аламыз. Ол жемді қайда саламыз?Жемсауытқа. «Жемсауыт жасау» ойыны. «Құстарды қоректендіреміз» ойыны. Балалар «Құстар» және «Балалар» деген екі топқа бөлінеді. – Біздің достарымыз – құстарға не айтамыз, құстар бізге не айтады?«Балалар» тобы: Құстар – біздің досымыз. Біз оларға жамсауыт жасап, қыста қоректендіреміз. «Құстар» тобы:Біз бау-бақшаны зиянды жәндіктер ден қорғаймыз. Ән салып, бау-бақшаны көңілдендіре міз: чик-чирик, чик-чирик. Үлестірмелі материалдар мен жұмыс:Саққулаққа қыстап қалатын және жыл құстары туралы әңгімеле. Артық құсты қорша.Жем сауытқа құстардың азықта рының суреттерін бейнеле. Бірінші ағашқа қыстап қалатын құстарға қажетті | атайды).Қуыршақ не? Қуыршақ – ойыншық. Мынау не?Мынау – піл. Піл не?Піл – ойыншық. Ойыншық қайда тұр? Ойыншық ойын бұрышында тұр.Мынау – ұйықтайтын бөлме. Ұйық-тай-тын бөлме. Мынау не?Мынау – ұйықтайтын бөлме. Мынау – кереует. Кереует қай бөлмеде? Кереует ұйықтайтын бөлмеде. Мынау – табиғат бұрышы. Мынау не? Мынау – табиғат бұрышы. Мынау – гүл. Гүл табиғат бұрышында тұр. Гүл қай бөлмеде тұр? Гүл табиғат бұрышында тұр. Ойын: «Біреу – көп». ойыншық – ойыншықтар кереует – кереуеттер гүл – гүлдер үстел – үстелдер орындық – орындықтар Ойын бұрышында нелер бар? Ойын бұрышында ойыншықтар бар.Кереуеттер қай бөлмеде? Кереуеттер ұйықтайтын бөлмеде.Гүлдер қай бөлмеде тұр?Гүлдер табиғат бұрышында тұр.Топта нелер бар? Топта үстелдер, орындықтар бар.Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп (әдемі, жарық, таза) Біздің (сынып) Біздің сыныпта. (ойыншықтар көп)Біздің Сыныпта.(үстелдер, | сақтап тұрады – 3 адым. Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: ширақ итеріліп, құрсау дың ортасына түсу керектігін түсіндіру.Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтары ның ұшымен жерге түседі. Негізгі қимыл-қозғалыстар: Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету. Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруге жаттықтыру, әр секіру фазасында қозғалыс тарының үйлесімділіктерін қалыптастыру. Допты екі қолмен жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуға, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін саусақтарын бүгіп қағып алуға жаттықтыру. *Ойын:* «Қайда жасырылғанын тап». | атайды. 4-тапсырма. Суретке қара. Қызыл заттарды қызыл қарындашпен сызып қос. Ағаштан жасалған заттарды қоңыр қарындашпен қоршап сыз. Киімдерді ата. **3.Қазақ тілі** **Тақырыбы:**Біз мектепте не істейміз? **Міндеттері:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. **Күтілетін нәтиже:**тыныс алу жаттығулары арқылы сөйлеу барысында тынысты дұрыс пайдалану дағдыла рын қалыптастырады. Дидактикалық ойын: «Ғажайып сандық». Сандықтағы қима сурет тергесөйлем құрайды. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, балалар мектеп туралы шағын әңгіме құрайды.Біздің мектеп қандай?Біздің мектеп таза, жарық, әдемі, үлкен. Біздің мектепте қандай бөлмелер бар?Мектепте спорт залы, музыка залы, асүй, дәрігер бөлмесі, қазақ тілі кабинеті бар. Тәрбиеші: Біз мектепте таңертең жаттығу жасаудан бастаймыз. Жат-ты-ғу жа-сай-мыз. Жаттығу жасаймыз *(айнамен жұмыс).* Біз мектепте таңертең не істейміз? Біз мектепте таңертең жаттығу жасаймыз. | «Нанды кадірлейік» әңгімесінен үзінді оқу. Нан еңбекпен дастарқанға еңбектің арқасында келеді. Диқандар көктемде жерге тұқым себеді. Одан егін шығады, оны жаз бойы күтіп-баптайды. Күзде астықты комбайнмен орып алады. Жүргізушілер астықты мәшинемен астық қабылдау орындарына жеткізеді. Бидайдан ұн дайындайды. Ұннан неше түрлі нан пісіреді. Мұның бәрі – адам еңбегі, сондықтан оны қадірлеуіміз керек. Балалар, бізге Желаяқ сұрақтар қойғысы келіп тұр. Бидай неден өсіп шығады? Бидай тұқымнан өсіп шығады. Күзде дайын болған өнімді қалай атайды? Астық. Егін өсірушілердің мамандықтарын атаңдар. Тракторшы, диқан, диірменші, комбайншы. Суретпен жұмыс Балалар суреттерде не бейнеленгендерін атайды (егіс даласында астық жинап жатқан комбайн, элеватордағы құйылып жатқан астық, нан илейтін мәшине, дастарқанға қойылған нан түрлері). Дәнді дақылдардың қай түрінен ұн тартылып, нан пісіріледі?Бидай, қарабидай. Қазіргі уақытта бұл дәнді дақылдардың ішінен бидай мен қара бидайды нан пісіруге көп қолданады. Қазір арпа, күріш, жүгері ұнынан тәтті нан түрлерін, шелпектер пісіреді Сендер тағы қандай дәндер түрлерін білесіңдер? Олардан не пісіріледі?Арпа, жүгері, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттардың, екінші ағашқа жыл құстарына қажетті заттардың суреттерін сал. Құстарға қандай көмек көрсетесін?Қолдан жасалған жемсауыт түрлерін қара. Олар неден жасалған? Үйде қайсысын жасар едің? Белгіле.<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**Денсаулықтың құпиялары<br>**Міндеттері:** Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру.<br>**Күтілетін нәтиже:**кеңістікте дұрыс бағдарланып, айналадағы кедергілерден қашықтық сақтап қозғалады. Бір-бірден тізбек құрып жай жүру, жартылай отырып жүру, отырып жүру.4 метр артпен жүру.Баяу жүгіру (2 минут) – қолдарын кеуде тұсына жоғары-алға, ішке қарай бағыттайды, сосын шынтағымен артқа қарай қозғалтады.Баяу жүгіргенде қол мен аяқтың қимыл-қозғалыстарын үйлестіруге, аяқтарын ұшымен басып, қадамдарын қысқа етуге тырысады.Тыныс алуды қалыпқа келтіру.*«ха» – демін толық шығарып тазалау жаттығуы.* Аяқтарын иық деңгейіне дейін ашып қойып, түзу тұру. Қолдарын алдыға ұстап, демін ішіне еркін тарту. Қолдарын төмен | орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.Тәрбиеші шағын мәтін құрастырады. Мынау – біздің сынып. Біздің сыныпта ойын бұрышы, табиғат бұрышы және ұйықтайтын бөлме бар. Ойын бұрышында ойыншықтар бар. Табиғатбұрышында гүлдер өседі. Ұйықтайтын бөлмеде кереуеттер тұр.<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Топ бала, топ бала<br>Ойнап жүр топтала.<br>Зымырап допты ала<br>Қуады көп бала.<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қоялық.<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға бір адым,<br>Артқа бір адым.<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суретке қарап, сұраққа жауап бер. Сыныпта не бар?<br>Сыныпта ойын бұрышы бар.<br>Сыныпта табиғат бұрышы бар.<br>Сыныпта ұйықтайтын бөлме бар. т.б.Мынау не? Заттарды жекеше, көпше түрде ата.<br>Мынау – орындық, мынау – орындықтар.<br>Мынау – есік, мынау – есіктер.<br>Мынау – терезе, мынау – терезелер.<br>Мынау – кілем, мынау – кілемдер.<br>**4.Музыка**<br>**Тақырыбы:**Нота үйренейік.<br>**Міндеттері:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, | | Біз мектепте тамақ ішеміз.<br>Та-мақ-к-қ і-і-і ше-міз – тамақ ішеміз.<br>Ұ-ұ-ұ-йи-ық-к-қ-таймыз – ұйықтаймыз.<br>Біз мектепте не істейміз?<br>Біз балабақшада тамақ ішеміз, ұйықтаймыз.<br>Біз мектепте серуенге барамыз, би билейміз, ән айтамыз, демаламыз, сурет саламыз.<br>Біз мектепте не істейміз?<br>Біз мектепте серуенге барамыз, би билейміз, ән айтамыз, демаламыз, сурет саламыз.<br>Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br>Мектеп... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз).Музыка залында ...(ән айтамыз, би билейміз).<br>Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).<br>Кереуетте ... (ұйықтаймыз)<br>Тақпақ жаттау.<br>Дидактикалық ойын: «Аудармашы».Тәрбиеші сөздерді орыс тілінде айтады, балалар қазақ тіліне аударады.<br>Делаем зарядку – жаттығу жасаймыз.<br>Кушаем – тамақ ішеміз.<br>Поем – ән айтамыз.<br>Танцуем – би билейміз.<br>Рисуем – сурет саламыз<br>Гуляем (идем на прогулку) – серуенге барамыз. | күріш, бидай, қарабидай, тары, сұлы. Олардан әртүрлі ботқа, көжетағы да басқа тағамдар дайындалады.Бұларды бір сөзбен қалай атайды?Дәнді дақылдар. Үйде аналарың үйлерінде ұннан тағы не пісіреді?Балалар аналары пісіретін нан түрлерін атайды.<br>Суретте элеватор бейнеленген.<br>Элеватор – бидайды қабылдауға, тазалауға, кептіруге және артуға арналған қамба,диірмен.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс:Желаяққа бидайдан дайындалатын өнімдерді тауып белгілеуге көмектес. Нан өнімдерінің түрлерін ата.<br>Нанның дастарқанға келетін ретін цифрмен көрсет.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**Біз күшті және ержүрекпіз.<br>**Міндеттері:** Заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру.<br>**Күтілетін нәтиже:**жылдамдықты өзгертуге және қимылды үйлестіруге машықтанады.<br>Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру. Көзді жұмып, баяу қарқынмен жүру – 4 метр.Жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындау.<br>Таяқпен орындалады; сколиоздың алдын алуға арналған жаттығулар.<br>Таяқтарды қолдарына алады (таяқтың бір ұшын алақандарына тіреп, қолдың бойында тігенен ұстап тұрады), тізбекте арақашықтықтарын сақтап тұрады – 3 адым. Негізгі |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіріп, денесін алдыға ие отырып, демін сыртқа шұғыл шығарады. Сосын 2-3 рет еркін дем алу.<br>*Энергетикаландырушы тыныс алу.*Демін толық ішке тартып, мүмкіндігінше кідіру. Аузын дөңгелетіп, демін 3 рет шамды өшірген дей шұғыл шығару. Сосын 2-3 рет еркін тыныс алу. 3 рет қайталау.*Бағыттағыш, ысылдап тыныс алу.*<br>Демін ішке еркін тартып, мүмкіндігінше кідіру. Демін ауыз арқылы «ысссс» деп дыбыстап, созыңқы ұзақ етіп шығару. Бұл дыбысты шағаруда тіл қатысады. 3 рет қайталау.Тепе-теңдік сақтау – қолдарын екі жаққа созып, басына қапшық қойып, бөрененің үстімен жүріп өту. Бас пен денені дұрыс ұстауға назар аудару<br>Футбол – допты ілгері бағытта екі аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру. (4 рет).<br>Нұсқау: доп кез келген алдыға итеретін аяқ басының орта тұсына келуі керек. Допты біркелкі аяқпен соғып, қозғалысқа келтіреді.Тізбектерге тұрып, бір-бірден допты ілгері алып жүгіреді. Бір-бірімен жарысады.Ойыншы допты бұрылысқа дейін апарып, қайтадан орнына келеді. Келген соң допты келесі ойыншы алып, өз жүгірісін бастайды.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).<br>Балалар шеңбер бойына | оның сипаты,мазмұны туралы айту.<br>**Күтілетін нәтиже:**шығарманың сипаты мен мазмұнын ажыратып,мазмұнды сипаттай алады.<br>Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады.<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Марш» (В. Дешевов).Балалар шеңбер бойымен әуенге ілесіп, аяқты нық басып, тізені көтере марш екпінімен жүреді.<br>*Музыка тыңдау:* «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Халық әні туралы балаларға мәлімет беру.<br>Өздерінің жақсы көрген адамына өз жүрек қалауын әнмен жеткізіп отырған.<br>Халық әндерін өздерінің жақсы көретін адамдарына ғана емес, атына, туған жеріне арнап жазғанын түсіндіру.<br>*Ән айту:* «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев).Музыка әлемі туралы кіріспе сөз айтып, балаларды музыкадан хабардар ету.*Нота* деген сөз музыка дыбыстарының қағаз бетіне түсірілген белгі екенін түсіндіру.Жеті нотамен таныстыру. Дыбысталуын үйретіп, ноталардың белгіленуін көрсету.<br>Шығарманы орындап, әннің сипаты, мәтіні туралы сұрау. Әнге қосыла, дауысқы күш түсірмей орындауға үйрету.<br>Таныс «Білімің – бұлағым» әнін | | Спим – ұйықтаймыз.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суретке қара. Балалар не істейді? Сөйлемдер құра.<br>**4.Музыка**<br>**Тақырыбы:**Нота үйренейік.<br>**Міндеттері:** Музыканың сипатын бейненің мазмұны мен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыкалық шығарманы тыңдап,қабылдай біледі.<br>Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады.<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Марш» (В. Дешевов).Балалар шеңбер бойымен әуенге ілесіп, аяқты нық басып, тізені көтере марш екпінімен жүреді.<br>*Музыка тыңдау:* «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Халық әні туралы балаларға мәлімет беру.Өздерінің жақсы көрген адамына өз жүрек қалауын әнмен жеткізіп отырған.Халық әндерін өздерінің жақсы көретін адамдарына ғана емес, атына, туған жеріне арнап жазғанын түсіндіру.<br>*Ән айту:* «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев).Музыка әлемі туралы кіріспе сөз айтып, балаларды музыкадан | қимыл-қозғалыстар: (3 рет).<br>Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет).<br>Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы- жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді:<br>«Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш – деп санаңдар.<br>Бір, екі, үш – ал тараңдар!»<br>Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады.<br>«Тыныс ал және жақсы ойла!» ойын-жаттығуы. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады. Тәрбиеші ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Тәрбиеші жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». «Теңгерім түймесі» жаттығуы.Бастапқы қалып негізгітұрысты қабылдайды. Оң қолының саусақтарымен оң жақ құлағының артын дағы бас сүйегінің астына таяу тұрған шұңғымаға ақырындап басады. Сол қолын кіндігіне қойып, демін тартып терең тыныс алады «энергияны ішіне тартады».Бір минуттан кейін сол қолымен сол құлағының артындағы шұңқырлау жерінен басып, оң қолымен кіндіктен басып, дәл солай «энергияны ішіне тартады». «Энергетикалық есінеу» жаттығуы.Есінеуді орындау. Қолдарының саусақтарымен жақ сүйегінің екі жағындағы кез келген жерінен қатты басып, босаңсып, қатты дыбыстап терең есінейді. | (Т. Қоңыратбай) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру. *Билер:* «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Үйренген би қимылдарын әрі қарай жалғастыру, есте сақтау. *Ойындар, хороводтар:* «Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, олардың орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру. Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, аспапта орындалған таныс әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. *Музыкалық аспапта ойнау:* «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). | | хабардар ету.*Нота* деген сөз музыка дыбыстарының қағаз бетіне түсірілген белгі екенін түсіндіру. Жеті нотамен таныстыру. Дыбысталуын үйретіп, ноталардың белгіленуін көрсету.Шығарманы орындап, әннің сипаты, мәтіні туралы сұрау. Әнге қосыла, дауысқы күш түсірмей орындауға үйрету. Таныс «Білімің – бұлағың» әнін (Т. Қоңыратбай) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру. *Билер:* «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Үйренген би қимылдарын әрі қарай жалғастыру, есте сақтау. *Ойындар, хороводтар:* «Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, олардың орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру. Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, аспапта орындалған таныс әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. *Музыкалық аспапта ойнау:* «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). | |
| Серуендеуге дайындық | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалдарын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балалардың жүйелі түрде киінуін қадағалау.( ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| Серуен | Құстарды бақылау | Күн ішінде күннің күйін | «Желге қонаққа» ауа-райын | Учаскедегі ағаштар мен | Көліктің әртүрлі түрлерін |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: жазда құстардың өмірі туралы түсініктерді кеңейту.<br>Балалармен құстың ұя салатыны туралы сөйлесу.<br>Балапан басу.<br>Балапанды тамақтандыру.<br>Құс балапанды ұшуға қалай үйретеді.<br>Қыстайтын және қоныс аударатын құстарды атау.<br>Неліктен оларды осылай атайды?<br>«Егер мен құс болсам» ойын жаттығуы<br>Қиялдау. Эмпатия. Өзіңізді объектінің орнына қою мүмкіндігі.<br>Белгілері. Егер тырна ыстық күнде қанаттарын жайып, ұяның үстінде отырса.<br>Еңбек қызметі.<br>«Қара сия, ақ қауырсын» қимыл-қозғалысты ойын– назар, командалық рух. | бақылау<br>Мақсаты: күннің қай жағынан көтерілетініне назар аудару – бұл шығыс, ал қай жағынан батысы – батыс. Күннің қай жартысында күн жарқырап, қатты жылынатынын және неге екенін атап өтіңіз. Неліктен күн мен түннің өзгеруі бар екенін айтыңыз. Байқау, қызығушылықты дамыту.<br>Еңбек қызметі: учаскеде арамшөп отау.<br>«Қашан болады» дидактикалық ойын<br>Күннің бөліктерін атау, оларды байланыстыру.<br>Белгілері. Батыста кемпірқосақ – жаңбырға, шығыста –жақсы ауа-райы.<br>Күн сәулесі қараңғыланады – қатты найзағай күтіңіз.<br>«Батыл тышқандар» қимыл-қозғалысты ойын– дыбыстық сигналға, ептілікке реакцияны дамыту. | бақылау<br>Мақсаты: жел туралы түсініктерді кеңейту, желді байқауға үйрету «Мұрын үстінде гулейді, бірақ қолға түспейді?» (жел)<br>Жел бар ма? Ол қандай күш?<br>Қай бағытта соққы береді? Күзгі жел жаздан несімен ерекшеленеді?<br>Ойын сәті: қолдан жасалған ойыншық-желшешек (желдің әсерін бақылау)<br>Еңбек қызметі: аумақтан қоқысты жинау.<br>«Жылдам пойыз» қимыл-қозғалыс ойыны<br>Мақсаты: ептілікті, тапқырлықты, жылдамдықты, зейінді дамыту.<br>«Аю мен аралар» қимыл-қозғалыс ойыны<br>Мақсаты: әр түрлі бағытта жүгіру, ептілік қабілеттерін дамыту. | бұталарды бақылау.<br>Мақсаты: балаларды балабақша айналасын дағы ағаштар мен бұталармен таныстыру.<br>Учаскені айналып өтіп, оған қандай ағаштар, бұталар өсетінін қарас тырып, атау: күздің басталған белгілерін анықтау, түрлі-түсті жапырақтарды тамаша лау, жер жамылғысын қарастыру және шөп әлі де жасыл, көптеген күзгі гүлдер, шөптің кейбір жерлерінде құлаған жапырақ жатыр, олар ашық түсті<br>Сұрақтар: Учаскеде көгалдандыру, гүлдер көп пе? Учаске әдемі ме?<br>Сұлулықты не жасайды?<br>Учаске біреу үшін үй ме?<br>Еңбек қызметі:<br>гүл тұқымын жинау.<br>«Үйсіз қоян» қимыл-қозғалыс ойыны, жүгіруді дамыту, екі аяғымен секіру мүмкіндігі. | бақылау<br>Мақсаты: жер үсті көлігі, олардың жіктелуі, мақсаты туралы білімдерін кеңейту; автобустың мақсаты, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік қалыптастыру.<br>Сұрақтар: Автобус қандай көрінеді? Автобус ішінде не бар? Тұтқалар не үшін қажет? Автобус қалай жүреді?<br>Еңбек қызметі: мектептегі ұжымдық жұмыс.<br>Мақсаты: ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>«Қасқыр мен лақтар», «Ине, жіп, түйін» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: ережелерді қатаң сақтай отырып, ойын әрекетін үйрету; жылдамдық пен реакцияны дамыту; батылдыққа тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру.<br>Жуыну тәсілдерінде жаттығуды жалғастыру: жеңді қайыру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолды жұдырыққа қысу.<br>«Күн режимі» суреттерін қарау. Олар бойынша әңгіме.<br>Өзіндік ойын қызметі | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | «Қуыршақ» сюжеттік-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: үйлесімді сөйлеуді дамыту, сюжет, киімнің жіктелуі: көше, үй, мереке, жұмыс.<br>Дидактикалық ойын «Не артық?»<br>Мақсаты: логикалық ойлауды, зейінді дамыту. | «Төрт дос» қазақ халық ертегісін драматизациялау<br>Мақсаты: диалогтік сөйлеуді, есте сақтауды дамыту, әрекеттерді мәтінмен үйлестіре білу.<br>«Қатені тап» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: себеп-салдар байланысын, ойлауды анықтау. | «Саяхат» сюжеттік-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: сюжетті дамыту, рөлдерді өз бетінше бөлу.<br>«Атау және көрсету» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты:геометриялық фигураларды, сандарды бекіту<br>«Ертегі айт» дидактикалық ойыны | «Отбасы. Қарлығаштың туған күні»<br>Мақсаты: ойындағы әлеуметтік шындық құбылыстарын көрсету, бірге тұратын адамдар ретінде отбасы туралы түсінік қалыптастыру; жақындарына қамқорлық жасауға деген ынтаны | «Ұшқыштар» сюжеттік-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: ойындағы әлеуметтік шындық құбылыстарын көрсете білу қабілетін қалыптастыру; балаларда бірлескен ойын дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы өзара келісе білуді тәрбиелеу |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Теңіз толқиды» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: қиялды, реакцияны дамыту | «Әр қадамға сөз» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: қимылдарды үйлестіру, сөйлеуді, бағдарлауды дамыту | Мақсаты:кейіпкерлер дің маскаларын мақсатына және мәтінге сәйкес қолдана білу | тәрбиелеу; отбасы үшін мақтаныш сезімін дамыту; отбасы туралы білімді тереңдету негізінде балалардың сөздік қорын жандандыру | |
| Балалардың іс-әрекеті(ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | Танымдық және зияткерлік дағдылар<br>«Сөздегі дыбысты анықта» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: сөйлеу барысында бейнелі өрнектерді таңдау және қолдану қабілетін дамыту | Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі<br>«Ойдан мүсін жасау» ойын жаттығуы<br>Мақсаты: мүсіндеу тәсілдерін бекіту | Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар<br>«Тірі және жансыз табиғат» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: табиғат туралы идеяны бекіту | Танымдық және зияткерлік дағдылар<br>Тікелей және кері санау дағдыларын үйрету | Қарым-қатынас дағдылары<br>«С», «Ц» дыбыстары |
| Балалардың үйге қайтуы | «Отбасындағы таңертеңгілік гимнастиканың маңызы мен ұйымдастырылуы». Мақсаты: ата-аналарға көмектесу, балаға өзін-өзі бекітуге, өзін-өзі және шебер сезінуге мүмкіндік беру<br>Кеңес беру «Балалардың тәуелсіздігін қалай тәрбиелеу керек».<br>Балалар мен ата-аналардың бірлескен жұмысы. Табиғи материалдан жасалған қолөнер көрмесі.<br>Ата-аналармен әңгіме «Бір апта ішінде біз не білдік. Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-ана сұрақтарына жауаптар | | | | | |

Scanned with CamScanner

Қаралды: 15.09.25ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Топ: мектепалды " А"сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 15.09–19.09

**Қыркүйек айы.Құндылық:Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Үйде,топта карапайым істерді орындауға көмектесу.Үй жануарларына,үй өсімдіктеріне күтім жасау.Өзіне-өзі күтім жасау.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>15.09 | Сейсенбі<br>16.09 | Сәрсенбі<br>17.09 | Бейсенбі<br>18.09 | Жұма<br>19.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | «Таң басталады» ситуациялық ойыны. Доп арқылы сәлемдесу. Бала сәлемдескісі келетін адамға допты лақтырып, оны атымен атайды. Допты ұстаған адам да онымен амандасады<br>Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу.<br>**ҚР Әнұранын тыңдау.**<br>**Күй күмбірін тыңдау.**<br>**Жеке қауіпсіздік:**<br>«ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ҚАУІПСІЗДІК) ЕРЕЖЕЛЕРІ»<br>https://youtu.be/UMVKB4sqUI | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Психогимнастика: «Барлық бала шеңберге жиналды».<br>Мақсаты: бір-біріне достық қарым-қатынасты дамыту | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br>Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Кел, достарым, келіңдер!<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым, кел бері<br>Толтырайық шаттыққа<br>Дөңгеленген шеңберді.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу.<br>(музыка) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңестер | Өнегелі 15мин.Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. | Өнегелі 15мин.Күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіру | Өнегелі 15мин. «Асығыс тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес. | Өнегелі 15мин."5-6 жастағы балалардың жас ерекшеліктері" | Өнегелі 15мин. «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>«Асық ату» ойыны<br>Рөлдік ойын «Осылай болады ма, жоқ па?»<br>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту, шешімдердегі | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>«Шекемтас» ойыны<br>Дидактикалық ойын «Ұқсас – ұқсас емес».<br>Мақсаты: балаларды пәндерді салыстыруға | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>«Бес тас» ойыны<br>Дидактикалық ойын «Өзіңді ата»<br>Мақсаты: өзіңді қазақ, ағылшын және орыс | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>«Ақсерек пен көксерек» ойыны<br>Дидактикалық ойын «Кім келеді, сол алсын!»<br>Мақсаты: балаларды | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді жаттау<br>«Ас атасы – нан»<br>«Нан болса ән де болады» сюжеттік-рөлдік ойын |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары) | дәйектілікті байқай білу. «Гүл жина» дидактикалық ойыны Мақсаты: тұтас бөліктерді бүктеуге жаттығу, визуалды бейнені бекіту | үйрету, қоршаған ортада екі пәнді табу, олардың ұқсастығын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дәлелдей білу | тілдерінде таныстыру. Ағылшын әнін тыңдау және ән айту (Тедди аюы туралы) | тақырып туралы айтуға үйрету, оның ең тән белгілерін үш тілде бөліп көрсету | «Қосымша сөзді тап» Мақсаты: логикалық ойлауды, есту анализаторын, бірқатар сөздерден артықты алып тастау қабілетін дамыту |
| Таңертеңгілік жаттығу | Таңертеңгілік жаттығулар кешені | Таңертеңгілік жаттығулар кешені | Таңертеңгілік жаттығулар кешені | Таңертеңгілік жаттығулар кешені | Таңертеңгілік жаттығулар кешені |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Достық сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: сәлемдесу сөздерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бекіту. Қазақ әуендерін тыңдау. Мақсаты: әуенді қазақ халық биінің элементтерімен сүйемелдеуге ынталандыру | Дидактикалық ойын «Бұл қашан болады?» Мақсаты: балалардың белгілі бір құбылыс пен адам еңбегінің түрін жыл мезгілімен қаншалықты байланыстыратынын тексеру. Саусақ ойыны «Міне, менің көмекшілерім» Мақсаты: саусақтың ұсақ моторикасын, сөйлеуді дамыту | Артикуляциялық гимнастика: «Тіл туралы ертегі» Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту. «Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: табиғат құбылыстарын әр түрлі тұрғыдан бағалауға үйрету | Дидактикалық ойын «Бұл затпен не істейді?» Мақсаты: логикалық ойлауды, ерікті есте сақтауды дамыту. «Кемпірқосақ» саусақ гимнастикасы Мақсаты: қол мен сөйлеудің ұсақ моторикасын дамыту | «Пошташы ашықхат әкелді» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларға қазіргі уақытта етістік формаларын қалыптастыруға үйрету (сурет салу, билеу, жүгіру, секіру, серуендеу, суару, шөп шабу, үрлеу, үтіктеу, барабан соғу және т. б.) |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Дауысты дыбыстар **Міндеттері:**Сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **Күтілетін нәтиже:** Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйренеді. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады.Тіл дыбыстары адамның дыбыс тау мүшелері арқылы жасалады. Дыбысты жасауға | **1.Тіл дамыту** **Тақырыбы:**Күз бояуы Міндеттері:сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану. **Күтілетін нәтиже:**Синоним сөздермен танысып,сөйлеу тілі дамиды. Балалар, күз мезгілі келді. Дала мүлдем өзгеріп кеткен. Ағаштардан жапырақтар саудырап жерге түсіп жатыр. Жапырақтар әр түсті қызғылт, сары, қоңыр. Міне сендер, табиғаттың өзгеруі нен күз мезгілінің ерекшелігін байқаған боларсыңдар.Демонстрация лық материалмен жұмыс. | **1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:**Дауысты дыбыстар **Міндеттері:** сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. **Күтілетін нәтиже:** Дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтып, тілдері жаттығады. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыс деген не? Қандайдыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз? Артикуляциялық жаттығу жасау «Құпия сөз» дидактикалық жаттығуы Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ | **1. Тіл дамыту** **Тақырыбы:**Менің атам. **Міндеттері:** Дауыс қарқы нын,логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. **Күтілетін нәтиже:**Отбасы туралы,үлкендерді сыйлауды түсінеді. Е.Ө. Бес саусақ өлеңін оқу. Бас бармағым-атам,үйдің данасы, Балаң үйрек-әжем, ошақ анасы, Ортан терек-әкем,отау панасы, Шылдыр шүмек,шаңырақ ажары, Титтей бөбек-мен,бәрінің базары. | **1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Дауысты дыбыстар **Міндеттері: сөйлемдегі** сөздердің ретін, санын анықтау. **Күтілетін нәтиже:** Дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығу ларды айтып, тілдері жаттығады. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыс деген не?Қандай дыбыстарды дауысты деп атаймыз? Артикуляция лық жаттығу жасау. «Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатысатын мүшелерге өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тіл, тіс, таңдай, жақ, ерін жатады.<br>Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады.<br>Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: *а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э*. Балалар Тәрбиешіпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды. Дидактикалық жаттығуы «Әндетіп көр»<br>Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «*а*»дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік. Әнді алдымен тыңдайды. Әуендегі *е, а*дыбыстары арқылы әндетіп көрейік. Балалар бірге әндетіп айтады.Дауысты дыбыстар қызыл түспен белгіленеді. Қызыл түсті фишканы көрсетеді.<br>«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы<br>Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишка ны, көтереді.Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету.<br>Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен).<br>«алма»сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып | Мына суретке назар аударып,әңгімеқұраңдаршы.<br>Міне, күз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы, ерекшелігі.Балалар, сендер күз мезгіліндегі тағы да қандай ерекшеліктерді білесіңдер?Ал біздің диқан ағаларымыз не істейді.Мол өнім алғандарға сыйлық беріледі.Сондықтанда күз мезгілін «жомарт күз », «мырза күз» деп атайды.<br>Жалпы күз мезгілін – сары күз, алтын күз, күрең күз деп үшке бөліп айтамыз.Күз – барлық өнімдердің пісіп-жетіліп, жеміс-жидектер, көгөністер дүкендерге толатын мезгіл. Дәруменге бай жемістерді таңдап сатып алып жеп, көңілдің бір марқайатын мезгілі. Ата-ана ларыңмен дүкенге барғанда, сөрелерден барлық жемістер мен көгөністерді көресіңдер.<br>Осы күз мезгілінің жомарт тылығы жайлы барлық ақындарымыз өлең жазған. Бүгін сендер Қ.Баянбаевтің «Күз бояуы» өлеңімен танысып, жаттап аласыңдар<br>Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды.Сипатталған затты қалған балалар табу керек. | сол туралы айтамын. Кім құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады.Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрттүлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады. Ауыл.<br>Иә, балалар, бұл – *ауыл.*Енді келесі құпия сөзді табуға тырысыңдар.Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады. Кешкілік бәрі жиналады, әңгімелеседі. Дұрыс айтасыңдар балалар, мен *отбасы* туралы айттым.<br>Оны қурайдан, шөптен, ағаштан, балшықтан да жасайды, оны ағашқа, тасқа, қабырғаға орналастырады. Қараторғайға оны адамдар жасап береді. Ол жерге жұмыртқа салады, балапан дарын өсіреді.Құпия сөз – *ұя*.<br>Ол темір, әйнек, қыш пластмасса, шойыннан да жасалады. Адамдар оны күнде пайдаланады. Әсіресе асүйде.Онымен тамақ пісіреді, су ішеді, тамақ ішеді.Ыдыстар.Ол ағаштан жасалады. Өзі ұзын, жіңішке, көп, бір басы доғалдау, екінші басы тесіліп, оған жіп тағылған. Онымен ертеректе көп пайдаланған. Қазір сирек кездеседі. Оны киіз үй | Өлеңнің атадан басталуы бекер емес. Өйткені атаның беделі әкеден де жоғары. Атаның өмірлік тәжірибесі мол, ол – әулеттің тірегі.<br>Қазақ отбасында ата мен әженің орны ерекше. Әрқашанда отбасындағы шешуші сөзді ата айтады. Әкелерінің өзі аталарың ның айтқанын екі етпей орындайды. Солай емес пе? Аталарымыз өз отбасы мен әулетінің ғана емес, ағайын-туыстың дамәселесін шешіп, ақыл-кеңес беріп отырады.<br>Сөздік жұмысы:<br>*әулет* – бір атадан тарайтын ағайынды адамдар<br>Тәрбиеші тақтаға атаның суретін іліп, әркім өз атасы на ұқсайтын жерлерін айтып, немесе атасының ерекшелігін, ерекше қасиетін айтып, әңгіме құрауын сұрайды.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.Суреттегі отбасы мүшелерін ата. Өз отбасың туралы әңгімеле.Сөздерді шапалақпен буынға бөліп көрсет.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 2 саны мен цифры.<br>**Міндеттері:Саны** кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіз діктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен | Суреттермен жұмыс<br>Тақтаға ер, үзеңгі, ірімшік, әткеншек, өрмекші және инеліктің суреттерін іледі.<br>Балалар әр заттың атын атайды. Ер – аттың үстіне адам отыру үшін ағаштан жасалған әбзел.<br>Үзеңгі – атқа отырған адам аяғын салып отыратын темірден жасалған әбзел.<br>Ірімшік – сүттен жасалатын тағамның түрі.<br>Әткеншек – балалар ойнайтын ойынның түрі.<br>Өрмекші – жәндік.<br>Инелік – жәндік.<br>«Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы<br>–Балалар, сендер дауысты *е, і, ө, и, ә, ү*дыбыстарынан басталатын сөздердіойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады.<br>«Е дыбысы қайда тығылды?» ойын-жаттығуы.<br>*алма, бақа, мысық, өрік, банан, садақ, ит, емен, кеме, күшік, бидон, елік, трактор* сөздерін айту. Сызбамен жұмыс.<br>«*Ер*»сөзінің сызбасын сызуды балаларға ұсынады. Бір баланы тақтаға шығарады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтып қайталайды. Тақтаға «алма»сөзінің сызбасын іліп бірінші «а»дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1.Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр. Сызықпен қос.<br>2. Өлеңді тыңда. Кім туралы айтылған? Осы сөз қандай дыбыстан басталады?<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.<br>**Міндеттері:** Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату,жиынның бөліктен үлкен екенін,бөлік тің жиыннан кіші екені,жиынның бөліктерін санау және элементтердің бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** әртүрлі белгілер бойынша заттарды біріктіруге және сәйкестен діруге, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алып, артық затты табуды үйренеді.<br>Ойындық жағдаят. Ойын жаттығуы. «Реткекелтіреміз!» балалар карточкаларды нақты белгілеріне қарай орналас тырады. Топтық жұмыстар үшін әртүрлі өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтар.Тәрбиеші әртүрлі | **2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**1 саны мен цифры<br>**Міндеттері:**Қанша?,Нешін ші?сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** 1 саны және цифрымен танысады; заттарды жіктейді, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алады.<br>Ойындық жағдаят. Сырым мен Әлия сиқырлы паровоз бен саяхаттауға шақырады.<br>«Сиқырлы паровоз»Суретте қанша паровоз бар? (Бір).<br>Қанша вагон бар? (Бір) Саяхаттау үшін қанша машинист қажет болады? (Бір) Балалар көп ойыншық тың ішінен машинисті таңдайды. Кейіпкерлер – көп, машинистбіреу(жалғыз) 1 цифрымен таныстыру.<br>машинист – біреу, бір санын 1 цифрмен белгілейміз.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Бір-бірден көрсетілген заттарды белгіле. Суретте қанша зат болса, ұяшыққа сонша нүкте сал.Балалар суреттерді қарайды. Жеке бір-бірден тұрған заттарды белгілейді. Суретте қанша зат болса, сонша нүкте салады. Тапсырманың орындалуын түсіндіреді: шар біреу, оған белгі саламын. | құрғанда пайдаланады. Ол – киіз үйдің қажетті заты. Онымен киіз үйдің шаңырағы көтеріліп тұрады.Ол – *уық.*<br>Балалар, осы *ауыл, отбасы, ұя, ыдыс, уық*сөздері дауысты дыбыстан басталып тұр.<br>Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінеді.Айнаны қолымызға алып *а, о, ы, ұ, у.* дауысты дыбыстарды айтып көрейік бұлдыбыстарды айтқанда тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен.Дауысты дыбыстарды есімізге сақтау үшін, тағы да бір қайталайық. Ерніміз әртүрлі пішінде болғанымен тіліміз дөңес теніп кейін жиырылады.<br>Айнаға қарап *алма, асық, арба, ожау, оқулық, орамал, алмұрт, ыза, ұлу, ұста, ұжым, ұстаз* сөздерін айтайық, бұл сөздер дауысты дыбыстардан басталып тұр. Дыбысты айтқанда тілімізді қай жерде соған мән береміз. Дауысты дыбыстарды еске сақтаймыз. Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1.Суретке қара. Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді ата.<br>2. Суреттегілердің атындағы дауысты дыбыстарды ата.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Тату доспыз бәріміз<br>**Міндеттері:** Диалогтік | теңсіздік шығару.<br>**Күтілетін нәтиже:** 2 саны және цифрымен танысады; сандарды ретімен айтуға, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алып, заттарды жіктеуге үйренеді.<br>Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым сиқырлы паровозбен саяхат жасауды жалғастыру ға шақырады. Паровоз бен екі вагонды шығарып қояды. Суретте қанша вагон бар? *(Бір)* Ойындық жаттығу.«Бір немесе екіден тұрған заттарды тап».Заттар жиын тығынан 1 немесе 2-ден тұрған заттарды табуды сұрайды. Сендерде неше қол, неше аяқ, неше көз, неше құлақ бар? Екі ол – «жұп»деген түсінікпен таныстырады.Екі қолғап, екі шұлық және т.б. Мына сөздерді дауыстап қайталай ды: «екі», «жұп».Бір затты қандай цифрмен белгілей міз? (1). Қос/екі затты? (2) Тақтадан1 және 2 цифрын көрсетеді.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Суретте не бейнеленгенін ата. Бір-бірден тұрған заттарды боя. Суретте екі-екіден тұрған заттарды қоршап сыз.<br>2-тапсырма.Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. | «*Ер*»сөзінде неше дыбыс, неше дауысты дыбыс бар? Бала дауысты дыбысты қызыл текшемен белгілейді.<br>«Дауысты дыбысты сөзден баста» ойын-жаттығуы.Сүйікті тағамың қандай? (*Мысалы: ет, ірімшік т.б.)*<br>Достарыңның аты кім? (*Әмірхан, Ерасыл, Інжу, Инабат, Үміт).*<br>Сүйікті ойыншығың не? *(Әткеншек, үкі т.б.)*<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>Суреттегі заттардың атындағы дауысты дыбыс тарды ата.Дауысты дыбыстардан басталатын суреттерді белгіле.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>Кішкентай бағбан<br>**Міндеттері:**Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту,кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Кейіпкерге мінездеме беруге үйренді.<br>*«Сиқырлы қоржын» ойыны.*Қоржындаәртүрлі жемістер бар. Балалар, қоржында не бар деп ойлайсыңдар? Балалар қоржыннан бір-бірлеп жемістерді алады да, атын |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтарды орналастыруды сұрайды, содан соң мысалы, пішіндеріне, өлшемдеріне қарай жапырақтарды орналастыруды сұрауға болады.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. Карточкаларда не бейнеленгенін ата. Заттарды сатып алуға болатын дүкенмен сызып қос. Балалар гүлдер және кондитер дүкенінің жанына келді. Заттардың атауын атап және оларды сатып алуға болатын дүкенмен сызып қосу керек.<br>2-тапсырма. Дөңгелек үлкен сары печеньенің суретін сал.Төртбұрышты кішкентай қоңыр печеньенің суретін сал. Дөңгелек үлкен сары печеньеніңсуретін салу керек. Тәрбиеші тақтаға үлкен сары дөңгелек қоя алады. Содан кейін төртбұрышты қоңыр кішкентай печеньеніңсуретін салу керек. Тәрбиеші тақтаға кішкене қоңыр шаршы қоя алады.<br>*Кәне қанат жазайық,*<br>*Қарлығашқа ұқсайық.*<br>*Ұшып-ұшып алайық,*<br>*Орнымызға қонайық,*<br>*Білімде алда болайық.*<br>3-тапсырма. Суретке қара. Артық затты қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір.Суретте не бейнеленгенін ата.Қай заттыартық деп санауға | 2-тапсырма.Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.<br>3-тапсырма.1 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны боя.Берілген тапсырма цифрдың визуалды бейнесін бекітуге бағытталған: тап және қорша, боя.<br>«Сан неге ұқсайды?» ойыны.Балалар қоршаған ортадағы заттардан 1 цифрына ұқсас заттарды табу керек.Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу «Жолмен жүріп келеміз».<br>4-тапсырма.Суретке қара. Артық затты қоршап сыз.<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**Мектеп қызметкерлері.<br>**Міндеттері:** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.<br>Ғажайып сәт. Қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар,бірге амандасайықшы.Сәлеметсіз бе!<br>Қуыршақтар: Сендерге қазақ тілін үйренуге көмектесеміз, алдағы жұмыстарыңа табыс | сөйлеуді дамыту,кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**Достық туралы түсінігі кеңейеді.<br>Достығымыз берік боп<br>Бекітейік беріп қол.<br>Қуанышты шеңберде,<br>Қандай жақсы қол берген.<br>Балалар, бәрімiздің бірге екенімізді сезіну қандай тамаша! Ал енді бәріміз қолұстасып, бір-бірімізбен достықты қолдайтынымызды білдірейік. Дос болу, тату болу – адам бойындағы жақсы қасиет.Дос деп қиналғанда қол ұшын беретін, алыста жүрсе сағынатын,қуанышымен бөлісіп, әрдайым жанынан табылатын адамды айтамыз. Достар мейірімді, тату болады. Достар әрқашан бір-біріне көмектеседі.Достар бір-бірін түсінеді, бірге ойнайды.Бүгін ақын Фариза Оңғарсынованың достық, татулық туралы «Тату доспыз бәріміз» өлеңімен танысамыз. Өлеңде достар туралы айтылған.Достар үнемі бірге жүреді. Тату достаройыншық, кітаптарын таласпай бөліседі. Ренжіспейді, тату-тәтті ойнайды. Өлең мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:*<br>Өлең қалай аталады? Өлеңде не туралы айтылған?Сенің досың бар ма? Досыңмен | 3-тапсырма.Заттарды сана. Көрсетілген түспен боя.<br>4-тапсырма.Суретке қара. Артық жануарды тауып, қоршап сыз.<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>Менің ойыншықтарым<br>**Міндеттері:** Фонемалық естуді дамыту,сөздегі дыбыстардың орнын анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже:** ойыншықтарды атап, қазақша дыбыстарды дұрыс айтады.<br>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын» «Қуыршақтар» қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар.<br>Диалог. Бала: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе!Бала: Маған ойыншық беріңізші?Қуыршақ: Қандай ойыншық?Бала: Ойыншық мәшине.Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет.Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе!Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал.<br>Бала: Рақмет. т.б.<br>Дидактикалық ойын<br>«Кім тапқыр?»Ойын барысы:тәрбиешінің айтқан | атайды.Осының бәрін бір ауыз сөзбен қалай атаймыз? Жемістер қайда өседі?Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз.<br>Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді.Әңгімені мәнерлеп оқу.Сөздік жұмысы: *қыбырлап* – ерінбей еңбек ету *бағбан* – бау-бақшаны күтіп-баптайтын адам.<br>*Сұрақ-жауап:* Әңгіме не туралы?Авторы кім?<br>Садық бақта не істеді?<br>Садықты кім ойнауға шақырды?Қалел досына не көрсетті? Садық неге бармады?Күз мезгілінде не өсті?Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты. «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз?Садықтың еңбегін қалай бағалайсың?<br>Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің?<br>Әңгіме қалай аяқталды?<br>*(Көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді)*<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>Балалар қайда жүр?Олар не істеп жатыр?Суреттегі жемістер мен көгөністерді |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады және неге мысалы, қияр артық, өйткені ол көгөніс, ал басқа заттар – жеміс-жидектер.<br>4-тапсырма. Барлық үлкен заттарды жасыл, кішкентай заттарды қызыл қарындашпен қоршап сыз. Заттарды тағы қандай топтарға бөлуге болады? Осы топтарды ата.<br>Бала тапсырманы орындайды және өз әрекетін түсіндіріп айтады: суретте үлкен алмұрт бейнеленген, оны жасыл түсті қарындашпен қоршап сызамын. Сонымен бірге үлкен алма, баялды, қызылша. Кішкентай заттар –кәмпиттер. Оларды қызыл қарындашпен қоршап сызамын. Заттарды тағы қандай топтарға жинақтауға болады? Ол топтарды ата.Көгөністер: баялды, қызылша;жемістер: алма, алмұрт;тәттілер.<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**Ауылдағы адам еңбегі.<br>**Міндеттері:** үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:** Ауыл адамдардың еңбегімен танысып, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіді.<br>«Өнімдер» ойыны Адамдар не үшін еңбектенеді?*Еңбек – адамның өз қажеттілігі үшін орындайтын жұмысы, ісі.* | тілейміз.<br>Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады.<br>Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала» (*Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттерменжұмыс).*<br>Мынау кім? Мынау – қыз.Қыз қайда келді?<br>Қыз мектепке келді.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суретке қарап, мектеп туралы әңгімеле. Өзіңнің мектебің қандай?Мектепте саған не ұнайды?Мектепке баратын жолды тап.<br>Қарындашпен сызып көрсет.<br>Дидактикалық ойын: «Аудармашы»<br>Дидактикалық ойын: Тыңда,көрсет,қайтала.<br>Дыбыстық жаттығулар<br>Мынау – тәрбиеші, і-і-і-ші – тәр-бие-ші.Мынау кім?<br>Мынау – тәрбиеші. Тәрбиеші кітап оқиды. Тәрбиеші не істейді?<br>Тәрбиеші кітап оқиды.<br>Мынау – дәрігер.<br>Мынау кім?<br>Мынау – дәрігер.<br>Дәрігер емдейді.<br>Дәрігер не істейді?<br>Дәрігер емдейді.<br>Мынау – мейірбике.<br>І-і-і-ір – ме-йір-би-ке. | татусың ба?Тату достегенді қалай түсінесің?<br>*Дос* сөзіне сөйлем құра.<br>Сөздік жұмысы:<br>*әркез* – әрқашан, үнемі.<br>*Дидактикалық ойын: «Достық шеңбері»* (баланың есте сақтау қабілетін дамыту).<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс. Сурет бойынша әңгімеле.Суретте балалар не істеп жатыр?Балалардың қолында қандай ойыншықтар бар?Сен досыңмен қалай ойнайсың?Мақалдың мазмұнын түсініп ал.<br>Адал дос алтыннан да қымбат.<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Тақырыбы: Алмұрт.**<br>**Міндеттері:**<br>Құрастыру:өз бетінше ойдан құрастыруға,құрдастарымен бірлесіп,шығармашылықпен құрастыруға баулу.<br>Сурет салу:сюжеттік композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді беру.<br>Мүсіндеу:Бірнеше бөліктер ден заттарды мүсіндеу.<br>Жапсыру:заттық жапсыру: текшеден дөңгелек пішін, тіктөртбұрыштан бұрышта рын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға,бұл тәсілді жемістерді,көкөніс терді,гүлдерді,оюлар ды қиюда қолдану. | сөздеріне сәйкес суреттерді көрсету, сөйлем құрап, қима материалдармен жұмыс жүргізу. Жұмыс дәптерімен жұмыс.Ойыншықтарды ата. Өзіне ұнаған ойыншықты сипатта.Тыңда. Таныс сөздерді тап, ата.Тәрбиеші М.Әлімбаевтың ойыншық тар туралы өлеңін оқиды. Балалар өлең ішінен өздеріне таныс сөздерді тауып айтады. Мысалы: *аю, қасқыр, ойыншық, піл т.б.*<br>Өлеңде кездесетін ойыншықтардың аттарын жеке-жеке және хормен айтқызады.Сөздік ойын: «Аудармашы»<br>**4. Музыка**<br>**Тақырыбы:**Көңілді ырғақтар<br>**Міндеттері:** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындайды.<br>Балалар музыка залына көңілді әуенімен кіреді. Жүру, жүгіру.<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Биімді қайтала» Балалар шеңбер бойымен тұрады, үнтаспада «Буги-буги», «Егер саған ұнаса» т.б.би әуендері ойналып, ортаға шыққан бастаушы- | ата.Сәйкес суреттерді сызып қос. Қай сурет тақырыпқа сай келеді?<br>Мақалды жаттап ал.<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**Жанды және жансыз табиғат<br>**Міндеттері:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Табиғат туралы өлең оқу. Балалар өлеңнің табиғат туралы екенін айтады. Сурет бойынша жұмыс «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жүреді.<br>1-сурет. Бізді қоршаған табиғатта өсімдіктер өседі, жануарлар тіршілік етеді. Бұлар – жанды табиғат. Олар өмірге келеді, өседі, жетіледі,көбейеді, тіршілі гін тоқтатады. Жанды табиғатқа жататында ауамен дем алады.<br>2-сурет. Жансыз табиғатта бұл қасиеттер жоқ. (Балалар суреттегі жансыз табиғатқа жататын заттарды атайды, неге «жансыз» деп аталатынын пайымдайды:«Күн, тас, тау, топырақ, құм, су жансыз, өйткені олар тыныс алмайды, қоректен бейді,өспейді,көбеймейді»<br>Адам қолымен жасаған |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиеші кез келген затты алып, қандай еңбекпен жасал ғанын балаларға әңгімелеп береді. Ауылды бейнелейтін суреттерді көрсетіп, ауылда адамдар ауылшаруашылығы мен айналысатынын айтады. Тәрбиеші беті жабық себет алып шығады. Менің қолымдағы себетте өте дәмді, пайдалы тағамдар бар. Қандай тағам деп ойлайсыңдар? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз. Сүт қай малдың өнімі? Сиырдікі.Сиырды сауатын адамды қалай атайды? Сауыншы.Сауылған сүтті қайда апарады? Сүт таситын мәшинелермен сүт өңдейтін зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін сүт өнімдері дүкендерге жеткізіледі.Ауылда адамдар тағы қандай шаруашылықпен айналысады? Егін егеді, мал өсіреді, балық аулайды, құс өсіреді, бағбандықпен айналысады. Мал бағатын адамды кім деп атайды?Малшы. | Мынау кім?<br>Мынау – мейірбике.<br>Мейірбике емдейді.<br>**4.Музыка**<br>**Тақырыбы:**Көңілді ырғақтар<br>**Міндеттері:**Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындайды.<br>Балалар музыка залына көңілді әуенімен кіреді. Жүру, жүгіру.<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Биімді қайтала» Балалар шеңбер бойымен тұрады, үнтаспада «Буги-буги», «Егер саған ұнаса» т.б.би әуендері ойналып, ортаға шыққан бастаушы-«бишінің» қимылдарын дәл қайталау. *Музыка тыңдау:* «Вальс» Қ. Шілдебаев, «Полька» М. Красев, «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев).<br>Балаларға би туралы мәліметтер беріп, бидің түрлерінен үзінділер тыңдату.<br>Билер ұлттық билер, көңілді полька би, шыр айнала билейтін вальс болып бөлінеді.Вальс биінде | **Күтілетін нәтиже:**<br>Шығармашылық жұмыстарды өз бетінше орындайды.<br>«Бауда ма, әлде бақшада ма?» сұрақ-жауап ойыны.<br>Мақсаты: жеміс пен көгөністің өсіп-өнетін ортасы туралы білімдерін пысықтау.<br>Ойын шарты:тәрбиеші балаларға экраннан кез келген жеміс немесе көгөністі көрсетеді, балалар олардың бауда немесе бақшада өсеті нін ажыратып айтулары керек.Балаларға «Афиша» әдіс-тәсілі арқылы жемісті жарнамалауды ұсыну. (Жемістің атауын, түр-түсін, пайдасын, дәмі мен иісі туралы айту.) Алмұрт туралы жұмбақ жасыру. Дәмі балдай тәтті, Шамға ұқсайды қатты. Айналады күзде<br>Сарғылт қызыл түске.<br>Бұл қай жеміс, бізде?<br>(Алмұрт)<br>Балалар, жемісті жақсы өсіріп-баптау – бағбанның жұмысы. Бүгін сендерден бағбан атай көмек сұрай келіпті. Себетті алмұртпен толтырып беруін өтінеді. Ендеше, бүгін біз сендермен алмұрт жемісін дайындайтын боламыз. «Кірпі» жаттығуы.<br>Момақанмын алайда (үшсаусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын | «бишінің» қимылдарын дәл қайталау.<br>*Музыка тыңдау:* «Вальс»Қ.Шілдебаев, «Полька» М. Красев, «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев).<br>Балаларға би туралы мәліметтер беріп, бидің түрлерінен үзінділер тыңдату.Билер ұлттық билер, көңілді полька биі, шыр айнала билейтін вальс болып бөлінеді.Вальс биінде жұптасып, қалықтап айналып билейді, полькада аяқты тізеден көтере жеңіл секіреді, ал «Қамажай» – қазақ халқының ұлттық биі екендігін түсіндіру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>*Ән айту:* «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Ән орындау кезінде айғайламай, бір-бірін тыңдап, үндесе айтуды қадағалау.<br>Таныс «До-ре-ми» әнін (Ө. Байділдаев) қайталау, сөздерін анық, таза орындауға үйрету.<br>*Билер:* «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>Би қимылдарын еске түсіру, еркін, өз беттерімен орындауға баулу.*Ойындар, хороводтар:* «Ән салған кім? (А. Райымқұлова) | заттар да жансыз табиғат қа жатады, өйткені оларды жасау үшін адам табиғи заттарды пайдаланады. Балалардың пайымдауы: «Жиһаз, киім, үй – бәрі жансыз табиғатқа жатады, өйткені үй құрылысына жансыз табиғи заттар – құм, тас, ағаш т.с.с. заттарды пайдаланады. Адам жанды табиғатқа жатады, табиғаттың бір бөлігі».«Табиғат адамның қатысуынсыз пайда болған және барлық жанды табиғат бөліктері өмір сүре алатын жаратылыс».Балалар гүл, жапырақ, бұта, ыдыстағы алма, жүзім, алмұртжанды табиғатқа жататыны, ал гүл отырғызылған ыдыс, топырақ, тастар,сұқұй ғыш,күрекше, алжапқыш, сөрелержансыз табиғатқа жататынын анықтайды.<br>«Не артық?», «Күн шуағы нелерді оятты?» ойындары.<br>**4. Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**<br>Бадминтон,футбол.<br>**Міндеттері:** Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру.<br>**Күтілетін нәтиже:**Желбір шектің ұшуерекшеліктерін ашып, балаларға түсін |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қатемді түзе» ойыны. Түйін сөз: «Ауыл – қаланың анасы, анасын ұмытпайды баласы» (Ж.Әбдірашев). Бұл сөздің мағынасын балалар өздері шешіп, ауыл қаланың анасы сияқты деген шешімге келеді. Жоғарыда көрсетілген бейнелі көріністердегі еңбек арқылы ауыл адамдары қалаға шикізаттар дайындап береді. Ал қала солшикізаттар ды өңдеп, көптеген сүт өнім дерін, киім, ыдыс, жиһаз жасап, ауыл дүкендеріне жібереді.Үлестірмелі материалдармен жұмыс: Таусоғарды суреттегі заттар мен таныстыр. Қандай еңбек құралы техникалық еңбек құралымен ауыстырылды? Сызықпен қос. Онымен не істейді? «Еңбек түрлерін ата. Олардың маңызы қандай? **4.Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:**Мен ойнағанды жақсы көремін. **Міндеттері:** Қосалқы қадаммен алға қарай жүру. **Күтілетін нәтиже:** тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру кезінде дене бітімін дұрыс ұстау керектігін. Үш рет аяғымызды топылдатамыз – бір, екі, үш! Үш рет шапалақтаймыз – бір, екі, үш! Басымызды шайқаймыз – бір, екі, үш! Бәрін қайтадан | жұптасып, қалықтап айналып билейді, полькада аяқты тізеден көтере жеңіл секіреді, ал «Қамажай» – қазақ халқының ұлттық биі екендігін түсіндіру. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. *Ән айту:* «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Ән орындау кезінде айғайламай, бір-бірін тыңдап, үндесе айтуды қадағалау. Таныс «До-ре-ми» әнін (Ө. Байділдаев) қайталау, сөздерін анық, таза орындауға үйрету. *Билер:* «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Би қимылдарын еске түсіру, еркін, өз беттерімен орындауға баулу.*Ойындар, хороводтар:* «Ән салған кім? (А. Райымқұлова) Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. *Музыкалық аспапта ойнау:* «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). Тәрбиеші шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме, жарай ма! «Қателесіп қалма!» ойыны. Мақсаты: көгөністер мен жемістерді танып ажыратады және сөздегі қате айтылған сөзді табады.Ойын шарты: Сәбіз шырынын пияздан дайындаймыз. Шие шырынын алмадан дайындаймыз. Алма тосабын асқабақтан дайындаймыз. Осындай бірнеше ойын түрінде тапсырмалар арқылы көгөніс пен жемістің атауын дұрыс ажыратып айту біліктерін бекіту. Балалар шығармашылығы. **4. Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:**Керуен **Міндеттері:** Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру. **Күтілетін нәтиже:** көлбеу қойылған нысанаға 2 метр қашықтықта тұрып лақтыру ды, бір аяқпен әртүрлі бағытта секіруді. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, тәрбиешінің бұйрығы бойынша жердегі асықтарды көтеріп алады. Ойын түріндегі негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. «Асық лақтыру»: арақашық тығы 2 метрге көлбеу қойылған нысанаға асық лақтырады. Бастапқы қалыпта | Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. *Музыкалық аспапта ойнау:* «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). Тәрбиеші шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | діретін жаттығулар,желбір шекті ракеткамен бір орында тұрып бірнеше рет жоғары қарай соғу (неғұр лым көп рет соғуға тырысу), допты кез келген бағытта екі аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру. Желбіршектің ұшу ерекше ліктерін анықтауға арналған жаттығулар орындау.Бір орында тұрып, желбіршекті оң қолынан сол қолына, керісінше лақтырады. Бір қолмен жоғары лақтырып, екінші қолмен қағып алады.Ракеткаменжаттығу Бір орында тұрып,желбір шекті ракеткамен мейлінше көп рет соғуға тырысу.Футбол – допты кез келген бағытта екі аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру . Допты теуіп алып жүру үшін, тебетін аяқтың басы төмен, жерге қарайды, ал доп ойыншы ның алдында орналасады. Айналып тұрған секіртпе нің астынан өту. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аяғы жерге тимей...» Жүргізушіні сайлайды. Қалғандары шашырап қашады. Жүргізушіден қашып, ойыншылар аяқтарын жерден тартып алады. Сол мақсатта олар бірнәрсеге шығып алады |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталаймыз.<br>Шашырап жүру; белгі бойынша қайтадан сап түзеп бір тізбекке тұрады; орташа қарқынмен жүгіру; аяқтың ұшымен жүру; тізбекке екі-екіден тұру.Доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау.Негізгі қимыл-қозғалыстар:Гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізесіне таянып еңбектеу.<br>Тепе-теңдік – басына қапшық қойып, арқан үстімен бір бүйірі мен динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру, дене бітімін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру.<br>Нұсқау: қолдарын екі жаққа созып немесе белге қойып жүру; арқанды табанының ортасымен басып жүру.<br>Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру.<br>Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашықтығы – 2 метр) Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» | | екі аяқты алшақ қояды. Оң аяқты артқа жіберіп, оң қол шынтақтан жартылай бүгіліп, кеуде тұсында болады. Қолды алдыға және жоғары қозғау арқылы асықты лақтырады.<br>«Терек» ( қырғыз халқының ойыны) Жүргізушіні таңдайды. Бұл – «терек». Ол шеңбердің ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойына тұрып, әртүрлі қимыл-қозғалыстар орындайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізу ші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.<br>«Секір-секір»(татар халқының ойыны) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп,бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.Қимыл-қозғалыс ойыны:«Орамалды шығар» (Дағыстан халқының | | немесе аяғын көтеріп отыра қалады. Аяқтары жерге тимесе, жүргізуші оларды ұстай алтайды, егер тиіп қойса, ұстап алады. Ұсталған ойыншылар ойыннан шығады. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойыны)Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады. | | |
| Серуендеуге дайындық | Киіндіру: жүйелілік (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту), серуендеуге шығу.<br>Шешіну кезінде киімді ішке айналдыруға, ұқыпты бүктеуге, өздігінен киінуге, бірізділікті сақтауға үйретуді жалғастыру | | | | |
| Серуен | Құстарды бақылау<br>Мақсаты: жазда құстардың өмірі туралы түсініктерді кеңейту.<br>Балалармен құстың ұя салатыны туралы сөйлесу.Балапан басу. Балапандытамақтандыру<br>Құс балапанды ұшуға қалай үйретеді.Қыстай тын және қоныс аудара тын құстарды атау.<br>Неліктен оларды осылай атайды?<br>«Егер мен құс болсам» ойын жаттығуы<br>Қиялдау. Эмпатия. Өзіңізді объектінің орнына қою мүмкіндігі.<br>Белгілері. Егер тырна ыстық күнде қанаттарын жайып, ұяның үстінде отырса.<br>Еңбек қызметі. | Күн ішінде күннің күйін бақылау<br>Мақсаты: күннің қай жағынан көтерілетініне назар аудару – бұл шығыс, ал қай жағынан батысы – батыс. Күннің қай жартысында күн жарқырап, қатты жылынатынын және неге екенін атап өтіңіз.<br>Неліктен күн мен түннің өзгеруі бар екенін айтыңыз. Байқау, қызығушылық ты дамыту.<br>Еңбек қызметі: учаскеде арамшөп отау.<br>«Қашан болады» дидактикалық ойын<br>Күннің бөліктерін атау, оларды байланыстыру.<br>Белгілері. Батыста кемпірқосақ – жаңбырға, шығыста –жақсы ауа-райы. | «Желге қонаққа» ауа-райын бақылау<br>Мақсаты: жел туралы түсініктерді кеңейту, желді байқауға үйрету «Мұрын үстінде гулейді, бірақ қолға түспейді?» (жел)<br>Жел бар ма? Ол қандай күш? Қай бағытта соққы береді? Күзгі жел жаздан несімен ерекшеленеді?<br>Ойын сәті: қолдан жасалған ойыншық-желшешек (желдің әсерін бақылау)<br>Еңбек қызметі: аумақтан қоқысты жинау.<br>«Жылдам пойыз» қимыл-қозғалыс ойыны<br>Мақсаты: ептілікті, тапқырлықты,жылдамдықты, зейінді дамыту.<br>«Аю мен аралар» қимыл-қозғалыс ойыны | Учаскедегі ағаштар мен бұталарды бақылау.<br>Мақсаты: балаларды балабақша айналасын дағы ағаштар мен бұта лармен таныстыру.<br>Учаскені айналып өтіп, оған қандай ағаштар, бұталар өсетінін қарас тырып, атау: күздің басталған белгілерін анықтау, түрлі-түсті жапырақтарды тамаша лау, жер жамылғысын қарастыру және шөп әлі де жасыл, көптеген күзгі гүлдер, шөптің кейбір жерлерінде құлаған жапырақ жатыр, олар ашық түсті<br>Сұрақтар: Учаскеде көгалдандыру, гүлдер көп пе? Учаске әдемі ме? | Көліктің әртүрлі түрлерін бақылау<br>Мақсаты: жер үсті көлігі, олардың жіктелуі, мақсаты туралы білімдерін кеңейту; автобустың мақсаты, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік қалыптастыру.<br>Сұрақтар: Автобус қандай көрінеді? Автобус ішінде не бар? Тұтқалар не үшін қажет? Автобус қалай жүреді?<br>Еңбек қызметі: бақшадағы ұжымдық жұмыс.<br>Мақсаты: ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>«Қасқыр мен лақтар», «Ине, жіп, түйін» қимыл-қозғалыс ойыны. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қара сия, ақ қауырсын» қимыл-қозғалысты ойын– назар, командалық рух.<br>Еркін ойындар | Күн сәулесі қараңғыланады – қатты найзағай күтіңіз.<br>«Батыл тышқандар» қимыл-қозғалысты ойын– дыбыстық сигналға, ептілікке реакцияны дамыту. | Мақсаты: әр түрлі бағытта жүгіру, ептілік қабілеттерін дамыту. | Сұлулықты не жасайды?<br>Еңбек қызметі:<br>гүл тұқымын жинау.<br>«Үйсіз қоян» қимыл-қозғалыс ойыны, жүгіруді дамыту, екі аяғымен секіру мүмкіндігі. | Мақсаты: ережелерді қатаң сақтай отырып, ойын әрекетін үйрету; жылдамдық пен реакцияны дамыту; батылдыққа тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру.<br>Жуыну тәсілдерінде жаттығуды жалғастыру: жеңді қайыру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолды жұдырыққа қысу.<br>«Күн режимі» суреттерін қарау. Олар бойынша әңгіме.<br>Өзіндік ойын қызметі | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Дидактикалық ойындар:<br>«Қайдан сатып алуға болады», «Кімге жұмыс істеу керек»<br>Мақсаты: сөздікті байыту, жинақтау, жалпылау.<br>«Теңіз толқиды...» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: қиялдың көрінісі.<br>«Суретті жина» ойын жаттығуы<br>Мақсаты: бейнелі идеяларды дамыту<br>«Гномды боя – гном суреттері бар бояу<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, қиялын, шығармашылығын дамыту | Сюжеттік-рөлдік ойын «Ателье. Сән үйі»<br>Мақсаты: тігінші, сәнгер, пішуші еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, олардың еңбегі ұжым<br>дық, бір адамның адал жұмысына басқа адам<br>ның еңбек сапасы тәуелді деген ұғымды кеңейту; ойында өлшеу әдістері туралы білімді қолдана білуді дамыту.<br>«12 ай» жұмбақ шешу<br>Мақсаты: логикалық ойлауды, зейінділікті дамыту.<br>«Қолғап» өлеңін қайталау<br>Сюжеттік-рөлдік ойын «Жылдың қай мезгілі?»<br>Мақсаты: балаларға табиғаттың сипаттама<br>сын өлеңде немесе прозада жылдың белгілі бір уақытыменбайланыс<br>тыруға үйрету; есту қабілетін, ойлау жылдамдығын дамыту | «Үйшік» ертегісін драматизациялау<br>Мақсаты: диалогтік сөйлеуді, есте сақтауды дамыту, әрекеттерді мәтінмен үйлестіре білу.<br>«Шатасу» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: ойлауды дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау.<br>«Әр қадамға сөз» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: сөйлеуді, үйлестіруді дамыту, ғарышта жүре білу.<br>Ойын-сауық: «Керісінше айт», «Саңырау телефон»<br>Мақсаты: дыбыстық интонацияны, есту аппаратын, есте сақтауды, қиялды дамыту. «Бір кездері өзен болды» әзіл-әнін жаттау<br>Мақсаты: есте сақтау, есте сақтау, сөйлеу | «Шалқан» көлеңкелі театры<br>Мақсаты: балаларда зейінділікті,табанды<br>лықты, тыңдай білуді дамыту, балалардың көңіл-күйін көтеру.<br>«Шегіртке» өлеңін жаттау<br>Мақсаты: есте сақтау, есте сақтау,сөздік қорын молайту. | «Саяхат»сюжеттік-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: сюжетті дамыту, рөлдерді тәуелсіз бөлу.<br>«Көк сақал» ертегісін оқу<br>Мақсаты: мұқият тыңдай білу.<br>«Менің сүйікті жануарым» суретін салу<br>Мақсаты: сурет салу дағдыларын, қиялын дамыту<br>«Қатені тап» дидактикалық ойыны<br>мақсаты: себеп-салдарлық байланыстарды анықтау; ойлауды дамыту |
| Балалардың іс- | Танымдық және зияткерлік | Шығармашылық дағдылар, | Әлеуметтік-эмоционалды | Танымдық және зияткерлік | Қарым-қатынас |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті(ойын, танымдық,коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | дағдылар<br>«Менің сүйікті жануарым» ойын жаттығуы.<br>«Менің не ойлағанымды тап» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: себеп-салдар байланысын орнату, пайымдау | зерттеу қызметі<br>Геометриялық фигураларды көлеңкелеу.<br>Мақсаты: қарындашты оң қолыңыздың үш саусағымен дұрыс ұстауға үйрету, жұмыс үстелінде жұмыс кезінде позаны бақылау | дағдылар<br>«Гүлді бер» дөңгелек би ойыны.<br>Дидактикалық ойын «Кімде мен айтатын киім бөлшектері бар – сол шығады» | дағдылар<br>Дидактикалық ойындар: «қатарды жалғастыр», «Радио», «Біз жасырғанды сипатта» | дағдылары<br>Дидактикалық ойындар: «Дыбыстарды атаңыз», «Жүру, жүзу, ұшу» |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналар бұрышында жол жүру ережелері туралы кеңес беру.<br>«Мектеп жасына дейінгі балалардағы үйлесімді сөйлеуді дамыту» Консультация | | | | |

Scanned with CamScanner

Қаралды: [illegible] 22.09.25ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Топ: мектепалды "А"сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 22.09–26.09

**Қыркүйек айы.Құндылық:Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік .**

Үйде,топта қарапайым істерді орындауға көмектесу.Үй жануарларына,үй өсімдіктеріне күтім жасау.Өзіне-өзі күтім жасау.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 22.09 | Сейсенбі 23.09 | Сәрсенбі 24.09 | Бейсенбі 25.09 | Жұма 26.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Сәлемдесу «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,Кешке дейін жалғассын!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)<br>**ҚР Әнұранын тыңдау .Күй күмбірін тыңдау.**<br>«Біз – бұл біздің топ» ситуациялық ойыны<br>Мақсаты: бір-біріне достық қарым-қатынас, өзара көмек, мұғалімге құрмет көрсету; қарым-қатынаста жылы сөздерді қолдана білу.<br>Жеке қауіпсіздік « ЛИФТІ (ЖЕДЕЛ САТЫ) МЕН КІРЕБЕРІСТЕГІ (ПОДЪЕЗД) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»<br>https://www.youtube.com/watch?v=3B0fLh5HPR0&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7l_WQuIA-hK_6QDD&index=3<br>«Бұл күнтізбе күні» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: апта күндерінің, күзгі айлардың атауын бекіту, күннің күні мен атауын, ауа-райын, күннің бір бөлігін белгілеу | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңестер | Өнегелі 15мин.<br>Баланың назарын, есте сақтау қабілетін дамыту мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу. | Өнегелі 15мин.Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Баланы толық емес отбасында тәрбиелеудің ерекшеліктері. | Өнегелі 15мин.<br>«Көпшілік орындарда әдепті балалар өздерін қалай ұстау керек?» | Өнегелі 15мин."5-6 жастағы балалардың жас ерекшеліктері" | Өнегелі 15мин.Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке) |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті-рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды карау және басқалары) | «Күзгі сөздер» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: сөздік қорын кеңейту<br>Дидактикалық ойын «Не жоғалды?»<br>Мақсаты: көру жадын дамыту.<br>Дидактикалық ойын «Бұл қалай тұрғызылған?»<br>Мақсаты: объектілерді сипаттау, ұқсастық белгілерін байқау қабілетін қалыптастыру | Жаңылтпаштар мен жаңа сөздерді қайталау.<br>Күзгі әндер мен өлеңдерді үйрену | Д, Т, К дыбыстарынан басталатын жұмбақтар жасыру, оны шешу<br>Құрылыс ойындары «Ханшайым сарайы»<br>Мақсаты: құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру дағдыларын қалыптастыру; құрылыстарды ұжымдық түрде салу, жолдастарымен келісіп әрекет ету білігін тәрбиелеу | Саусақ ойыны «Апельсин».<br>Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту.<br>Робототехника<br>Мақсаты: схема бойынша лабиринтті жинауға, роботты бағдарламалауға үйрету | Тәжірибелік-эксперименттік қызмет<br>«Алтын күздің белгілері» дидактикалық ойыны (жанды және<br>жансыз табиғат)<br>Мақсаты: күзгі уақыт кезеңінде табиғатты оның барлық көріністерінде зерттеу бойынша танымдық-зерттеу қызметін жандандыру |
| Таңертеңгілік | Таңертеңгілік жаттығулар | Таңертеңгілік жаттығулар | Таңертеңгілік жаттығулар | Таңертеңгілік жаттығулар | Таңертеңгілік жаттығулар |

Scanned with CamScanner

| жаттығу | кешені | кешені | кешені | кешені | кешені |
|---|---|---|---|---|---|
